

Исатай ауданының әкімшілік-аумақтық бірлігіне өзгерістер енгізу туралы

Атырау облыстық мәслихатының 2007 жылғы 12 желтоқсандағы N 36-IV шешімі және Атырау облысы әкімшіятының 2007 жылғы 6 желтоқсандағы N 276 қаулысы Атырау облыстық Әділет департаментінде 2008 жылғы 17 қаңтарда N 2506 тіркелді.

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы N№4200 "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 3, 11 баптарына сәйкес, Исатай аудандық әкімшіяты мен аудандық мәслихатының 2007 жылғы 19 қазандағы N№17-IV "Исатай ауданы селолық округтерінің әкімшілік-аумақтық құрылымы туралы" бірлескен шешімі негізінде облыс әкімшіяты қаулы етеді және облыстық мәслихат шешім етеді:

1. Исатай ауданы елді мекендерінің құрамдарына мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) Аққыстау селолық округінің Шыныбек, Есіркеп ауылдары Аққыстау селолық округінің Аққыстау селосының құрамына;

2) Жанбай селолық округінің Манаш ауылы Жанбай селолық округінің Жанбай селосының құрамына;

3) Нарын селолық округінің Үштаған ауылы Нарын селолық округінің Мыңтөбе ауылының құрамына;

4) Новобогат селолық округінің Ақкүтір ауылы Новобогат селолық округінің Х.Ерғалиев ауылының құрамына;

5) Тұщықұдық селолық округінің Бегайдар ауылы Тұщықұдық селолық округінің Айбас ауылының құрамына енгізілсін.

2. Осы қаулы мен шешім мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне еніп, алғаш ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Облыстық мәслихаттың III
сессиясының төрағасы*

*Облыс әкімі
Б.Рысқалиев*

Ж.Дүйсенғалиев

Облыстық мәслихат хатшысы Ж.Дүйсенғалиев